

Жалпы білім беру мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Менің өлкемнің тарихы» тақырыбында сырттай республикалық зерттеу жұмыстарының байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы білім беру мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында сырттай өтетін «Менің өлкемнің тарихы» тақырыбында Республикалық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – балалар мен жастардың туған өлкенің тарихына, оның өзіндік ерекшелігіне және мәдени, табиғи мұрасына қызығушылығын зерттеушілік, туристік-өлкетану және ізденушілік қызметін ұйымдастыру арқылы дамыту.

Байқау міндеттері:

- білім алушылардың өлкетану саласында оқу-зерттеушілік қызметін арттыру және дамыту;

- өлкетану және зерттеушілік қызметінің саласындағы дарынды балаларды анықтау және қолдау көрсету;

- білім алушыларды отансүйгіштікке, туған өлкенің табиғи және мәдени мұрасына ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2014 жылғы 12 желтоқсан мен 2015 жылғы 25 қаңтар** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары 2015 жылғы 25 қаңтарға дейін nt_ekotur@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі.

Анықтама телефондары: 87015001817, 8778-334-70-28 әдіскер Құрманалиева Гүлзира Серікқызы.

7. 2015 жылғы 25 қаңтардан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Сараптамалық қорытындылар қатысушыларға берілмейді.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін **1000 (мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы былай жүргізіледі: Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.
Иик KZ91856000005068448
БИК КСЖВКЗКХ
БИН 990140004733
Кбе 16.
КНП: 859

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы аталуы: «Менің өлкемнің тарихы» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын сканерден өткізіп, nt_ekotur@mail.ru электрондық поштаға жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі- **2015 жылғы 3 ақпан.**

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

12. Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-11 жас;

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

13. Байқау номинациялар бойынша өткізіледі:

1) *Туған өлкенің шежіресі* (ерте кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін туған өлкенің табиғатын және тарихын зерттеу, біздің осы күнгі шежіресін жасау). Бұл тақырып аясында әртүрлі масштабта зерттеулер жүргізілуі мүмкін (жеке дара, біршама ашық және онша белгілі емес тарихи оқиғаларды, табиғи құбылыстарды немесе өлкенің жалпы тарихын жаңғырту).

2) *Этнография* (халықтың материалдық және рухани мәдениетін, оның отбасылық және қоғамдық тұрмысын, шаруашылық және этникалық үдерістерін зерттеу). Материалдар өлкетану зерттеу жобалары түрінде қазақ және орыс тілдерінде ұсынылуы мүмкін. Олардың нақтылығын растайтын (фотографиялар, мұрағат құжаттарының көшірмелері және т.б.) материалдар жобаға қосымша ретінде ұсынылуы мүмкін.

14. Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тиым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық сахналарының көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кемсітетін кез келген ақпарат болмауы қажет.

15. Байқау жұмыстары баспа түрінде ұсынылады, стандартты жиектерімен А - 4 форматы, қарпі 12 Times New Roman, жолдар арасындағы қашықтық 1,0. Жұмыстың көлемі 15 парақтан аспауы тиіс.

16. Зерттеу жұмысының алғашқы бетінің ресімделу тәртібі.

Зерттеу жұмысының алғашқы бетінде көрсетіледі:

- облыс, аудан, қала немесе ауыл;

- білім беру ұйымының аталуы;
- байқаудың және номинацияның аталуы;
- зерттеу жұмысының тақырыбы;
- автордың аты-жөні;
- оқу орны, сыныбы;
- жетекшісінің аты-жөні;
- жетекшісінің жұмыс орны, қызметтік лауазымы;
- жұмыстың жазылу уақыты.

17. Байқауға бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

18. «Менің өлкемнің тарихы» байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен қатысушылардың үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

19. Балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайттағы туристік-өлкетану бағытындағы «Жас саяхатшы» клубының қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет.

20. Байқаудың бағалау критерийлері:

- ұсынылған жұмыстың байқау мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі;
- тақырыптың толық ашылуы;
- деректердің жаңашылдығы;
- нақтылығын растайтын ақпараттар;
- мұражай және мұрағат материалдарымен жұмыс жасай алуы.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

21. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

22. Әрбір номинацияда жас санаттары бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқаудың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.